



95-ТИН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Сегіз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Інжірге және зәйтінге, (1) Тұр Сина тауына, (2) Осы бейбіт қалаға серт. (3) Расында адамзатты көркем бейнеде жараттық. (4) Сосын оны төмендердің төменіне қайтардық. (5) Бірақ иман келтіріп, ізгі іс істегендер басқа. Оларға таусылмас сыйлық бар. (6) (Адам баласы!) Бұдан кейін саған дінді

өтіріксіндірген не? (7) Алла, үкім етушілердің ең жоғарғысы емес пе? (8)

96-ҒАЛАҚ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он тоғыз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

(Бастапқы бес аят. Хыра тауында Мұхаммед F.C. ға: "Оқы" деп алғаш түскен аяттар. К.Р.Х.Т) Сондай жаратқан Раббыңың атымен оқы!

- (1) Ол, адам баласын үйіған каннан жаратқан.
- (2) Оқы! Ол Раббың аса ардақты.
- (3) Сондай қаламмен үйреткен.
- (4) Ол, адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен.
- (5) Сөз жоқ, адам баласы әрине азады;
- (6) Ол, өзін мұңсыз көргендіктен.
- (7) Шын мәнінде қайту Раббың жақ.
- (8) Көрдің бе, сондай тыйым салғанды;
- (9) Бір құл намаз оқыған сәтте. (Әбу Жаіл: "Мұхаммед намаз оқыса, басын мылжалаймын" деген екен. Б.Ж.К.М.Р.)
- (10) Көрдің бе? Егер ол (Мұхаммед F.C.) тура жолда болса да,
- (11) Немесе тақуалықты бүйірган болса да.
- (12) Көрдің бе, егер ол (адам, хақты) өтіріксініп, бет бұрган болса?
- (13) Негізінен Алланың көріп тұрганын білмей ме?
- (14) Жоқ, егер ол, бұдан тыйылмаса, әлбетте кекілінен сүйрейміз;
- (15) Өтірікші, күнәкардың кекілінен.
- (16) Сонда ол, сыйбайластарын шақырысын.
- (17) Дереу тозактың басқарушыларын шақырамыз.
- (18) Олай емес, (Мұхаммед F.C.) оған бағынба, Аллаға сәждे қыл, жақында!
- (19)